



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## • 7М03105 - ПСИХОЛОГ-КӘСІБИ БАҒДАРЛАУШЫ

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ</b>	Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал ететін, оқушылардың кәсіби-тұлғалық даму проблемаларын талдауға жаңа тәсілдерді енгізу бойынша орта білім беру ұйымдары психологтарының тереңдетілген кәсіби құзыреттілігіне ие психолог-кәсіби бағдаршыларды даярлау
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ</b>	білім беру; - диагностикалық; - кәсіптік бағдарлау; - зерттеушілік; - әлеуметтік-коммуникативтік;

## ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1-** жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелерін, жоғары мектеп педагогикасының және ғылыми танымының дамуындағы қазіргі тенденцияларды талдайды және жинақтайды

**ОН2-** көпмәдениетті және көптілді ортадағы әлеуметтік қарым-қатынас, ғылыми, психологиялық-педагогикалық басқару міндеттерін шешу үшін тілді қолданады, мәдениетаралық өзара іс-әрекет процесінде мәдениеттің әртүрлілігін талдайды және ескереді.

**ОН3-** кәсіби этика нормаларын қолдану негізінде басқару қызметінің психологиялық жағдайлары мен ерекшеліктерін талдайды; басқарудың кіші жүйесінің жай-күйі мен өзгерістерін диагностикалайды және болжайды.

**ОН4-** педагогикалық және зерттеу тәжірибесінде әртүрлі жас кезеңдерінде психологиялық іс-әрекеттерді есепке ала отырып, мектеп оқушыларының кәсіби-тұлғалық дамуының психологиялық диагностикасының принциптерін жүзеге асырады, ғылыми зерттеу тақырыбы шеңберінде эксперименталды жұмыс жүргізеді, ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістерін, математикалық статистика әдістерін, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижесін талдау технологияларын қолданады.

**ОН5-** тұлғаны психологиялық зерттеу ерекшелігін, тұлғаны зерттеу әдіснамасын, психологиялық диагностика әдістерін және қазіргі оқушының жеке тұлғалық компоненттерін зерттеу әдістерін меңгереді.

**ОН6-** қазіргі заманғы әлемдік және отандық психология ғылымының даму проблемалары мен перспективаларын, психологиялық ғылым мен практиканың даму тенденцияларын талдайды және анықтайды, жеке тұлға мен әлеуметтік топтардың өзекті психологиялық проблемаларын анықтайды және негіздейді.

**ОН7-** психикалық құбылыстарды талдауға мәдени-тарихи және іс-әрекет тұрғысынан білімді қолданады; қызметті реттеу тәсілдерін және әлеуметтік құралдарды меңгереді.

**ОН8-** нақты мектеп жағдайында оқушылардың кәсіби-тұлғалық дамуының психологиялық диагностикасының әдістемесін қолданады.

**ОН9-** эмоциялық және әлеуметтік интеллект туралы білімді талдайды және біріктіреді; оқушылардың эмоциялық интеллектісін, креативтілігі мен дарындылығын диагностикалау және дамыту технологияларын қолданады.

**ОН10-** оқушылардың қабілеттеріне психологиялық диагностика жүргізудің оңтайлы формалары мен технологияларын, нәтижелерді талдау және болашақ мамандықты таңдау үшін психологиялық ұсыныстар жасау тәсілдерін жобалайды және іске асырады;

**ОН11-** зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдарды рецензиялайды, психология саласындағы жаңа ғылыми зерттеулердің нәтижелерін оқу процесіне енгізеді.

**ОН12-** теориялық және әдіснамалық талдау дағдыларын қолданады, болжамдау мен жоспарлау әдістерін практикада іске асырады, сондай-ақ зерттеу мен практикалық міндеттерді шешу үшін мамандық бойынша танымдарды, пәнаралық білімдерді синтездейді және жинақтайды.